

**«Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық
Атом Компаниясы» АҚ**

**Қысқартылған аралық шоғырландырылған
қаржылық есептілік (аудиттелмеген)**

2019 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған үш және тоғыз ай үшін

«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

Мазмұны

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ШОЛЫП ТЕКСЕРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

Пайда немесе залал және жиынтық кіріс туралы қысқартылған аралық шоғырландырылған есеп.....	1
Қаржылық ахуал туралы қысқартылған аралық шоғырландырылған есеп.....	2
Ақша қаражатының қозғалысы туралы қысқартылған аралық шоғырландырылған есеп.....	4
Капиталдағы өзгерістер туралы қысқартылған аралық шоғырландырылған есеп.....	5

Қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер

1	Жалпы ережелер.....	6
2	Қысқартылған аралық қаржылық есептілікті дайындаудың негізгі қағидаттары	7
3	Есептік саясаттың негізгі қағидаттары	7
4	Есептік саясатын қолданудағы маңызды бағалаулар мен пікірлер.....	10
5	Сегменттер бойынша ақпарат.....	11
6	Байланысты тараптармен есеп айырысу мен операциялар.....	14
7	Пайда немесе шығын туралы есеп жөніндегі ақпарат.....	16
8	Табыс	17
9	Өткізудің өзіндік құны	17
10	Өткізу бойынша шығыстар	18
11	Жалпы және әкімшілік шығыстар	18
12	Активтердің құнсыздануы	19
13	Өзге кірістер.....	19
14	Өзге шығыстар	19
15	Қаржылық кірістер және шығыстар	20
16	Табыс салығы бойынша шығыстар.....	20
17	Негізгі құралдар.....	21
18	Өндіріске дайындалу бойынша шығындар.....	22
19	Жер қойнауын пайдалану құқығы.....	22
20	Барлау және бағалау активтері.....	23
21	Қауымдастырылған кәсіпорындарға инвестициялар.....	23
22	Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар	28
23	Байланысты тараптарға берілген қарыздар	31
24	Қысқамерзімді дебиторлық берешек	31
25	Қорлар.....	31
26	Ақша қаражат және оның баламасы.....	32
27	Өзге активтер	32
28	Дивидендтер және капитал	33
29	Несиелер мен қарыздар	33
30	Кредиторлық берешек	34
31	Резервтер	35
32	Өзге міндеттемелер	35
33	Шартты және келісімшарттық міндеттемелер.....	36
34	Қаржы құралдарының әділ құны	36
35	Бизнес сатып алу	37
36	Бақыламайтын үлес.....	39
37	Акцияға пайда.....	42



Қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілікті шолып тексеру нәтижелері бойынша есеп

«Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» АҚ Басшылығы, Директорлар Кеңесі мен Акционерлеріне

Кіріспе

Біз «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» АҚ және оның еншілес компанияларының 2019 жылғы 30 қыркүйектегі берілген жағдай бойынша қаржылық ахуал туралы қысқартылған аралық шоғырландырылған есептілікке және белгіленген күнде аяқталған үш және тоғыз ай аралығына тиісті қысқартылған аралық шоғырландырылған пайда немесе залал және өзге жиынтық кіріс туралы және тоғыз ай аралығына тиісті белгіленген күнде аяқталған капиталдағы өзгерістер туралы және ақша қаражатының қозғалысы туралы есептіліктерге, сондай-ақ тиісті түсіндірме жазбаларына шолып тексеру өткіздік. Басшылық осы қысқартылған аралық шоғырландырылған есептілікті «Аралық қаржылық есептілігі» атты 34 Халықаралық Қаржылық Есептіліктің Стандартына (IAS) сәйкес дайындалғаны және көрсетілгені үшін жауапты. Біздің жауапкершілігіміз жүргізілген шолып тексерудің негізінде бұл қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы қорытындыны қалыптастыру болып табылады.

Шолып тексерудің көлемі

Біз шолып тексеруді 2410 «Компанияның тәуелсіз аудитору жүргізетін аралық қаржылық ақпаратының шолып тексеруі» Халықаралық шолып тексерулер стандартына сәйкес жүргіздік. Аралық қаржылық ақпаратының шолып тексеруі лауазымды адамдардан сауалнама алу негізінде, ең алдымен қаржылық және бухгалтерлік сұрақтарға жауапты адамдардан жауап алумен және талдамалы мен өзге де рәсімдерімен шектеледі. Шолып тексеруінің көлемі Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудиторлық тексеруден елеулі аз, сондықтан шолып тексеру бізге аудит кезінде айқындалатын барлық маңызды аспектілер белгілі болғанына сенімшілік алуға жағдай туғызбайды. Тиісінше, біз аудиторлық пікір бермейміз.

Қорытынды

Өткізілген шолып тексерудің нәтижесінде қоса тіркелген қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептіліктерге барлық елеулі аспектілерінде, «Аралық қаржылық есептілігі» атты 34 Халықаралық Қаржылық Есептіліктің Стандартына сәйкес дайындалмағанын көрсететін еш бір факт біздің назарымызды аудартады.

Өзге ақпарат

2018 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай аралығына тиісті қысқартылған аралық шоғырландырылған капиталдағы өзгерістер және ақша қаражатының қозғалысы туралы есептіліктерге және белгіленген күнде аяқталған үш және тоғыз ай аралығына тиісті қысқартылған аралық шоғырландырылған пайда немесе залал және өзге жиынтық кіріс туралы есептіліктерге, сондай-ақ тиісті түсіндірме жазбалар бойынша салыстырмалы ақпарат аудит немесе шолып тексеру кезінде тексерілмеді.

PricewaterhouseCoopers LLP

2019 жылғы 28 қараша
Алматы, Қазақстан

«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

Пайда немесе залал және өзге жиынтық кіріс туралы қысқартылған аралық шоғырландырылған есеп

Миллион Қазақстан теңгесімен берілген	Еск.	2019 ж.	2018 ж.	2019 ж.	2018 ж.
		30 қыркүйекте (аудиттелмеген) аяқталған үш ай ішінде	30 қыркүйекте (аудиттелмеген) аяқталған тоғыз ай ішінде	30 қыркүйекте (аудиттелмеген)	30 қыркүйекте (аудиттелмеген)
Табыс	8	86,579	140,647	263,134	285,676
Өткізудің өзіндік құны	9	(31,240)	(106,846)	(160,836)	(219,952)
Жалпы пайда		55,339	33,801	102,298	65,724
Өткізу бойынша шығыстар	10	(3,457)	(1,945)	(7,565)	(5,306)
Жалпы және өкімшілік шығыстар	11	(7,539)	(6,248)	(23,296)	(18,821)
Қаржылық активтердің құнсыздануынан болған таза пайда (шығын) / шығынның орнын толтыру	12	43	(27)	(286)	26
Қаржылық емес активтердің құнсыздануынан таза (шығын) / шығынның орнын толтыру	12	380	1,347	(589)	(2,192)
Бағамдық айырма бойынша таза пайда (шығын)		70	4,282	(397)	5,578
Бизнесі сатып алу нәтижесі	7, 35	-	-	54,649	313,517
Өзге кірістер	13	289	698	24,073	777
Өзге шығыстар	14	(1,246)	(559)	(3,132)	(1,746)
Қаржылық кірістер	15	1,347	1,770	3,927	4,408
Қаржылық шығыстар	15	(4,275)	(4,662)	(10,280)	(9,750)
Үлестес компаниялардың нәтижелеріндегі үлес	21	5,506	7,811	14,910	14,759
Бірлескен компаниялардың нәтижелеріндегі үлес	22	367	(340)	4,966	(2,245)
Салық салынғанға дейінгі пайда		46,824	35,928	159,278	364,729
Табыс салығы бойынша шығыстар	16	(8,798)	(10,186)	(17,296)	(13,699)
Жалғасатын қызметтен түскен кезең ішіндегі пайда		38,026	25,742	141,982	351,030
Тоқтатылған қызметтен түскен пайда		-	-	-	1,103
Кезең ішіндегі пайда		38,026	25,742	141,982	352,133
Өзге жиынтық кіріс					
Кейіннен пайдаға немесе шығынға қайта жіктелуі мүмкін баптар					
Шетелдік қызметті аударудан болған бағам айырмашылығы		(84)	861	1,127	(21,264)
Өзге жиынтық кіріс немесе (шығын)		7	6	(4)	6
Кезең ішіндегі өзге жиынтық кіріс / (шығын)		(77)	867	1,123	(21,258)
КЕЗЕҢ ІШІНДЕГІ ЖИЫНТЫҚ КІРІС ЖИЫНЫ		37,949	26,609	143,105	330,875
Кезең ішіндегі келесілерге жатқызылатын пайда:					
- компанияның меншік иелеріне		37,048	24,649	129,954	350,240
- бақыланбайтын үлеске		978	1,093	12,028	1,893
Кезең ішіндегі пайда		38,026	25,742	141,982	352,133
Кезең ішіндегі келесілерге жатқызылатын жиынтық кірістің жиыны:					
- компанияның меншік иелеріне		36,972	25,510	131,087	328,972
- бақыланбайтын үлеске		977	1,099	12,018	1,903
Кезең ішіндегі жиынтық кіріс жиыны		37,949	26,609	143,105	330,875
Қарапайым акцияға шаққандағы негізгі және таратылған пайда (акцияға теңгемен)	37	143	95	501	1,350

Осы қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілікті басшылық 2019 жылғы 28 қарашада бекітті:



Юсупов М.Б.
Экономика және қаржы
жөніндегі бас директор

Қожа-Ахмет Д.А.
Қаржы бақылаушысы

Смағұлова Н.Н.
Бас бухгалтердің м.а.

«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ
Қаржылық ахуал туралы қысқартылған аралық шоғырландырылған есеп

<i>Миллион Қазақстан теңгесімен берілген</i>		30 қыркүйек 2019 ж. Еск. (аудиттелмеген)	31 желтоқсан 2018 ж. (қайта есептелген)
АКТИВТЕР			
Ұзақмерзімді активтер			
Материалдық емес активтер		54,658	54,099
Негізгі құралдар	17	172,695	176,389
Пайдалану құқығы нышанындағы активтер		1,610	-
Өндіріске дайындалу бойынша шығындар	18	141,556	121,076
Жер қойнауын пайдалану құқығы	19	611,218	452,439
Барлау және бағалау активтері	20	24,646	23,609
Қауымдастырылған кәсіпорындарға инвестициялар	21	82,306	107,434
Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар	22	45,942	40,442
Өзге инвестициялар		584	619
Дебиторлық берешек		80	13
Кейінге қалдырылған салықтық активтер		15,528	7,552
Мерзімдік депозиттер		13	13
Туынды қаржылық актив		876	1,369
Байланысты тараптарға берілген қарыздар	23	10,988	13,245
Өзге активтер	27	24,660	20,847
		1,187,360	1,019,146
Қысқамерзімді активтер			
Дебиторлық берешек	24	65,875	94,477
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем		7,788	4,366
Өтеуге арналған ҚҚС		30,756	29,799
Қорлар	25	279,971	171,026
Мерзімдік депозиттер		50	205
Байланысты тараптарға берілген қарыздар	23	2,846	10,373
Ақша қаражаты және оның баламасы	26	86,065	128,819
Өзге активтер	27	21,526	18,322
		494,877	457,387
Сатуға арналған ретінде сыныпталатын шығатын топтардың активтері		1,175	5,578
		496,052	462,965
АКТИВТЕР ЖИЫНЫ		1,683,412	1,482,111

Қоса берілген қосымшалар осы қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігін құрайды.


«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ
Қаржылық ахуал туралы қысқартылған аралық шоғырландырылған есеп
(жалғасы)


Миллион Қазақстан теңгесімен берілген	Еск.	30 қыркүйек 2019 ж. (аудиттелмеген)	31 желтоқсан 2018 ж. (қайта есептелген)
КАПИТАЛ			
Акционерлік капитал	28	37,051	37,051
Қосымша төленген капитал		4,420	4,420
Резервтер		1,165	21
Бөлінбеген пайда		884,906	834,964
Компанияның меншік иелеріне жатқызылатын капитал		927,542	876,456
Бақыланбайтын иелену үлесі		251,009	168,004
КАПИТАЛ ЖИЫНЫ		1,178,551	1,044,460
МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Ұзақмерзімді міндеттемелер			
Несиелер мен қарыздар	29	70,000	16,270
Жалдау бойынша міндеттемелер		853	350
Кредиторлық берешек	30	669	777
Резервтер	31	38,609	32,885
Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер		131,531	97,215
Жұмыскерлерге сыйақылар		954	954
Өзге міндеттемелер	32	9,754	5,825
		252,370	154,276
Қысқамерзімді міндеттемелер			
Несиелер мен қарыздар	29	135,298	183,420
Жалдау бойынша міндеттемелер		577	129
Резервтер	31	122	187
Кредиторлық берешек	30	89,706	51,534
Өзге салықтар бойынша міндеттемелер		8,839	10,711
Жұмыскерлерге сыйақы		41	147
Табыс салығы бойынша міндеттемелер		2,249	977
Өзге міндеттемелер	32	15,166	30,319
		251,998	277,424
Шығатын топтардың сатуға арналған ретінде жіктелетін міндеттемелері		493	5,951
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ		504,861	437,651
КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ		1,683,412	1,482,111

Осы қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілікті басшылық 2019 жылғы 28 қарашада бекітті:



Юсупов М.Б.
 Экономика және қаржы
 жөніндегі бас директор


 Қожа-Ахмет Д.А.
 Қаржы бақылаушысы


 Смағұлова Н.Н.
 Бас бухгалтердің м.а.

«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

Ақша қаражатының қозғалысы туралы қысқартылған аралық шоғырландырылған есеп

	2019 ж. 30 қыркүйекте (аудиттелмеген)	2018 ж. 30 қыркүйекте (аудиттелмеген)
<i>Миллион Қазақстан теңгесімен берілген</i>		
аяқталған тоғыз ай ішінде		
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ		
Сатып алушылардан ақша қаражат түсімдері	341,438	377,301
Бюджеттен ҚҚС қайтарылуы	23,856	20,476
Алынған сыйақы	9,094	1,474
Жеткізушілерге төлемдер	(192,461)	(288,875)
Жұмыскерлерге төлемдер	(33,527)	(33,405)
Операциялардан түскен ақша қаражат	148,400	76,971
Төленген табыс салығы	(27,441)	(10,959)
Үстеме пайдаға төленген салық	-	(5,597)
Бюджетке өзге төлемдер	(42,025)	(34,499)
Төленген сыйақы	(5,978)	(5,931)
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының ағындары	72,956	19,985
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ		
Негізгі құралдарды сатып алу	(17,999)	(13,011)
Негізгі құралдардың шығуынан түскен түсімдер	16	49
Материалдық емес активтерді сатып алу	(132)	(2,401)
Өндіріске дайындау бойынша шығындарды сатып алу	(13,553)	(15,353)
Барлау және бағалау активтерін сатып алу	(1,215)	(2,871)
Мерзімді салымдарды орналастыру	(2,764)	(7,771)
Мерзімді салымдарды өтеу	2,649	9,926
Еншілес кәсіпорынды сатып алудан және бірлескен операциялардан алынған ақша қаражат	5,563	2,921
Қауымдастырылған кәсіпорындардан, бірлескен кәсіпорындардан және өзге инвестициялардан алынған дивидендтер	10,248	8,873
Шыққан еншілес кәсіпорындардың ақша қаражатын шегергендегі еншілес кәсіпорындарға инвестицияларды өткізуден түсімдер	3,328	17,168
Бірлескен кәсіпорындардың жарғылық капиталына ақша салымы	(64)	(1,598)
Өзге	1,640	102
Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының ағындары	(12,283)	(3,966)
ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ		
Несиелерден, қарыздардан және облигациялардан түскен түсімдер	257,836	33,029
Несиелерді, қарыздарды және облигацияларды өтеу	(269,978)	(127,274)
Лизинг бойынша төлемдер	(323)	(123)
Акционерлерге дивидендтер төлеу	(80,001)	(45,019)
Бақыламайтын иелену үлестеріне төленген дивидендтер	(9,445)	(137)
Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының ағындары	(101,911)	(139,524)
Ақша қаражатының және оның баламасының таза өзгерісі	(41,238)	(123,505)
Кезең басындағы ақша қаражат және оның баламасы	128,819	239,936
Ақша қаражат және оның баламасына валюта бағамдарының өзгерістерінің ықпалы	(1,516)	7,773
Кезең аяғындағы ақша қаражаты және оның баламасы	86,065	124,204

Осы қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілікті басшылық 2019 жылғы 28 қарашада бекітті:

Юсупов М.Б.
Экономика және қаржы
жөніндегі бас директор

Қожа Ахмет Д.А.
Қаржы
бақылаушысы

Смағұлова Н.Н.
Бас бухгалтердің м.а.

Қоса берілген қосымшалар осы қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігін құрайды.

«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ
Капиталдағы өзгерістер туралы қысқартылған аралық шоғырландырылған есеп

Миллион Қазақстан теңгесімен берілген	Меншік иелерінің үлесіне тиесілі					Бақыламайтын иелік үлесі	КАПИТАЛ ЖИЫНЫ
	Акционерлік капитал	Резервтер	Бөлінбеген пайда	Қосымша төленген капитал	Жиыны		
2018 ж. 1 қаңтардағы қалдық	37,051	472	585,109	4,785	627,417	14,550	641,967
Кезең ішіндегі пайда	-	-	350,240	-	350,240	1,893	352,133
Өзге жиынтық кіріс немесе (шығын)	-	-	-	-	-	6	6
Шетелдік қызметті аударудан болған бағам айырмашылығы	-	(591)	(20,677)	-	(21,268)	4	(21,264)
Кезең ішіндегі жиынтық кіріс жиыны (аудиттелмеген)	-	(591)	329,563	-	328,972	1,903	330,875
Жарияланған дивидендтер	-	-	(135,012)	-	(135,012)	(139)	(135,151)
Бизнес сатып алу	-	-	-	-	-	76,761	76,761
2018 ж. 30 қыркүйектегі қалдық (аудиттелмеген)	37,051	(119)	779,660	4,785	821,377	93,075	914,452
2019 ж. 1 қаңтардағы қалдық	37,051	21	789,563	4,420	831,055	131,955	963,010
Қайта есептеуден әсер (3-ескерту)	-	-	45,401	-	45,401	36,049	81,450
2019 ж. 1 қаңтарға қайта есептелген қалдық	37,051	21	834,964	4,420	876,456	168,004	1,044,460
Кезең ішіндегі пайда	-	-	129,954	-	129,954	12,028	141,982
Шетелдік қызметті аударудан болған бағам айырмашылығы	-	1,137	-	-	1,137	(10)	1,127
Өзге жиынтық кіріс немесе (шығын)	-	7	(11)	-	(4)	-	(4)
Кезең ішіндегі жиынтық кіріс жиыны (аудиттелмеген)	-	1,144	129,943	-	131,087	12,018	143,105
Жарияланған дивидендтер	-	-	(80,001)	-	(80,001)	(15,385)	(95,386)
Биснесті сатып алу (35-ескерту)	-	-	-	-	-	85,804	85,804
Бақыланбайтын үлестің шығуы	-	-	-	-	-	568	568
2019 ж. 30 қыркүйектегі қалдық (аудиттелмеген)	37,051	1,165	884,906	4,420	927,542	251,009	1,178,551

Осы қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілікті басшылық 2019 жылғы 28 қарашада бекітті:



Юсупов М.Б.
 Экономика және қаржы
 жөніндегі бас директор

Қожа-Ахмет Д.А.
 Қаржы
 бақылаушысы

Смағұлова Н.Н.
 Бас бухгалтердің м.а.

«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ
2019 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған үш және тоғыз айдың қысқартылған аралық
шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ескертулер

1 Жалпы ережелер

Ұйымдастырушылық құрылымы және қызметі

Осы қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілік «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» АҚ (бұдан әрі - «Компания») және оның еншілес кәсіпорындары үшін (бұдан әрі бірлесіп – «Топ» немесе «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ» деп аталады) 2019 жылдың 30 қыркүйегінде аяқталған үш және тоғыз ай бойынша, 34 «Аралық қаржылық есептілік» Халықаралық Қаржылық Есептілік Стандартына сәйкес дайындалған.

Компания Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған акционерлік қоғам болып табылады. Компания «Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық Атом Компаниясын құру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 ж. 14 шілдедегі №3593 Жарлығына және «Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық Атом Компаниясы мәселелері» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 ж. 22 шілдедегі №1148 Қаулысына сәйкес жарғылық капиталына мемлекеттің жүз пайыз қатысуымен жабық акционерлік қоғам түрінде құрылды. 2018 жылғы 13 қарашаға дейін Компанияның 100% акциясы «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі - негізгі компания немесе «Самұрық-Қазына» АҚ) тұлғасында мемлекетке тиесілі болып келді.

2018 жылғы 13 қарашада Самұрық-Қазына» АҚ Компанияның акционерлік капиталының 15%-ын құрайтын 38,903,491 акцияны, жаһандық депозитарлық қолхаттарды немесе ЖДҚ қоса, Лондон қор биржасында (LSE) және «Астана» халықаралық биржасында (AIX) қос листинг түрінде ұсынды. Әрбір ЖДҚ бір акцияны білдіреді. Ұсыныстың бағасы тиісінше ЖДҚ үшін 11.60 АҚШ доллары және жай акция үшін 4,322.74 теңге құрады.

2019 жылғы 26 қыркүйекте «Самұрық-Қазына» АҚ LSE және AIX биржаларында ЖДҚ түрінде 9 863 021 акция көлемінде қосымша ұсынысты орналастырды. Қосымша ұсыныстың бағасы ЖДҚ үшін 13 АҚШ долларын құрады. 2019 жылғы 30 қыркүйекке Компания акцияларының 81.28%-ы «Смұрық-Қазына» АҚ-қа және 18.72% акция еркін айналыста болып табылады.

Компания мына мекен-жай бойынша тіркелген: Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Е-10.17/12 үй. Қызметінің негізгі орны Қазақстан Республикасы болып табылады

Топ қызметінің негізгі түрі уран өндіру және уран өнімдерін сату болып табылады. Топ әлемдегі жетекші уран өндіруші компаниялар қатарына кіреді. Бұдан басқа, Топ сирек және сиреккер металдарын өндіру; бериллий мен тантал өнімдерін шығару және сату; ғылымды көп қажетсінетін технологияларды әзірлеу қызметтерін жүзеге асырады. Топ өнімдері Қазақстан Республикасында өткізіледі, сонымен қатар экспортталады.

Операциялық орта

Қазақстан Республикасының экономикасы дамушы нарықтарға тән кейбір сипаттамалық ерекшеліктерді білдіруді жалғастыруда. Ол әсіресе ел экспортының негізгі бөлігін құрайтын мұнай мен газ және басқа минералдық шикізат бағасының ауытқуларына ерекше сезімтал. Бұл ерекшеліктерге сонымен қатар елдің сыртында еркін айырбасталмайтын ұлттық валютасының бар болуы және бағалы қағаздар нарығының төмен өтімділік деңгейі де кіреді және бұлармен шектелмейді.

Айырбас бағамының құбылмалылығы өтімділіктің төмендеуі мен халықаралық қаржыландыруды тартуда қиындықтардың туындауын қоса, Қазақстан Республикасының экономикасына теріс әсер етуде және әсер етуін жалғастыруы мүмкін.

Басшылық ағымдағы жағдайларда Топ қызметінің тұрақтылығын және өсуін қолдау үшін оның барлық қажетті шараларды қабылдайтындығына сенімді. Келешектегі экономикалық ахуал және нормативтік-құқықтық орта басшылықтың қазірдегі күтулерінен айрықшалануы мүмкін.

Топ құрылымының елеулі өзгерістері

«Байкен-У» ЖШС, «Қызылқұм» ЖШС, «Хорасан-У» БК» ЖШС

2018 жылғы желтоқсанда Топ Energy Asia (BVI) Limited компаниясының 40.05% және Energy Asia Holdings (BVI) Limited компаниясынан «Хорасан-У» БК» ЖШС жарғылық капиталындағы 16.02% акцияларын сатып алу бойынша мәмілені аяқтады. Жасалған мәміленің нәтижесінде Топтың «Байкен-У» ЖШС, «Қызылқұм» ЖШС және «Хорасан-У» БК» ЖШС-ындағы иелік ету үлестері тиісінше 52.5%, 50% және 50% дейін ұлғайды (35-ескерту). Мәміле аяқталғанға дейін иелік ету үлестері тиісінше 14.45%, 33.98% және 33.98% құраған болатын.

«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ
2019 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған үш және тоғыз айдың қысқартылған аралық
шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ескертулер

1 Жалпы ережелер (жалғасы)

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ байқау кеңесінде көпшілік дауыс пен өкілдік алу жолымен «Байкен-У» ЖШС-ына бақылау алды.

2019 жылғы ақпанда Топ байқау кеңесінде дауыс құқығының көпшілігі мен өкілдік алу жолымен «Хорасан-У» БК» ЖШС-ына бақылау алды. Топ сатылып алынған активтер мен міндеттемелерді есепке алу үшін әділ құнды қолданды (35-ескерту). Топ «Хорасан-У» БК» ЖШС-ын 2019 жылғы 1 наурыздан бастап шоғырландырады.

Жекешелендіру бағдарламасы шеңберінде активтерді өткізу

Бейіндік емес активтерді өткізу жоспарларына сәйкес, бұдан бұрын Топтың IPO бойынша проспектісінде жарияланғанындай, KazPV жобасының: «Astana Solar» ЖШС, «Kazakhstan Solar Silicon» ЖШС және «MK KazSilicon» ЖШС кәсіпорындарын қоса, бірқатар бейінді емес активтер өткізілді немесе өткізіледі. Бастапқы кезеңде KazPV кәсіпорындарында қатысу үлестерінің 75%-ын өткізу көзделген сатып алу-сату шартына кідіртпелі шарттарымен, бұдан бұрын жарияланғанындай, 2019 жылғы 17 мамырда қол қойылды. 2019 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша бұл мәміле жасалған жоқ. KazPV жобасына қатысатын ұйымдардың активтері мен міндеттемелері осы аралық шоғырландырылған қаржылық есептілікте сатуға арналған активтер ретінде берілген.

2 Қысқартылған аралық қаржылық есептілікті дайындаудың негізгі қағидаттары

Осы қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілік 2019 жылдың 30 маусымында аяқталған үш және тоғыз ай бойынша, 34 «Аралық қаржылық есептілік» Халықаралық Қаржылық Есептілік Стандартына сәйкес дайындалды.

Осы қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілік аудиттелмеген болып табылады және оған жылдық қаржылық есептілікте ашып көрсетілуі тиіс ақпараттың барлығы кірмейді. Топ Халықаралық қаржылық есептілік стандартына (ХҚЕС) сәйкес дайындалған 2018 жылғы аудиттелген жылдық шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі ақпаратты елеулі түрде қайталайтын ақпаратты ашып көрсеткен жоқ (есептік саясат қағидаттары және сомалары немесе құрамдары бойынша елеулі өзгерістерге ұшырамаған баптар туралы егжей-тегжейлі мәліметтер сияқты).

Басшылық осы қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі ашып көрсетулер осы есептілік 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі есептілікпен бірге қаралған жағдайда жеткілікті ақпарат ұсынады деп санайды. Басшылықтың пікірі бойынша, осы қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілікке Топтың аралық есептік кезең ішіндегі қаржылық ахуалын, қызмет нәтижелерін, капиталындағы және ақша қаражатының қозғалысындағы өзгерістер туралы есептерді шынайы беру үшін қажет барлық түзетулер енгізілді.

3 Есептік саясаттың негізгі қағидаттары

Қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілікті құрастырған кезде қабылданған есептік қағидаттар Топтың 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі жылдық қаржылық есептілігін құрастырған кезде қолданылған қағидаттарға және төменде келтірілген жаңа және өзгертілген қабылданған стандарттарды қоспағанда, тиісті аралық есептік кезеңнің қағидаттарына сәйкес келеді.

16 «Жалдау» ХҚЕС

Топ стандартты оны міндетті түрде қолдану күні 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап, салыстырмалы көрсеткіштерді қайта есептеусіз модификацияланған ретроспективтік әдісті пайдаланумен қолдану туралы шешім қабылдады. Қажетті түзетулер қаржылық ахуал туралы есепте 2019 жылғы 1 қаңтарға мойындалды.

«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ
2019 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған үш және тоғыз айдың қысқартылған аралық
шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ескертулер

3 Есептік саясаттың негізгі қағидаттары (жалғасы)

16 ХҚЕС (IFRS) стандартына көшкен кезде Топ бұрын 17 «Жалдау» ХҚЕС (IAS) ережелері бойынша «операциялық жалдау» ретінде сыныпталған жалдау шарттарына қатысты жалдау бойынша міндеттемелерді мойындады. Бұл міндеттемелер 2019 жылғы 1 қаңтарға жалға алушының қосымша қарыз құралдарын тарту мөлшерлемелерін пайдаланумен дисконттаған қалған жалдау төлемдерінің келтірілген құндары бойынша бағаланды. 2019 жылғы 1 қаңтарға жалға алушының қосымша қарыз құралдарын жалдау бойынша міндеттемелерге қолданған орташа өлшемделген тарту мөлшерлемесі 10.48% құрайды.

Бұрын қаржылық жалдау ретінде сыныпталған жалдау шарттарына қатысты Топ жалдау нысанасы болып табылатын активтердің баланстық құнын жаңа стандартқа көшу күніне активтің баланстық құны мөлшерінде пайдалану құқығы нышанында және жалдау міндеттемесі мөлшерінде жалдау міндеттемесі нышанында мойындады. 16 ХҚЕС (IFRS) стандартында жазылған бағалау қағидаттары тек 2019 жылғы 1 қаңтардан ғана қолданылады.

Төмендегі кестеде 2018 жылғы 31 желтоқсанға операциялық жалдау бойынша шарттық міндеттемелерді және 2019 жылғы 1 қаңтарға мойындалған жалдау бойынша міндеттемелерді салыстырып тексеру келтірілген:

Миллион Қазақстан теңгесімен берілген

2018 ж. 31 желтоқсандағы жалдау бойынша келісімшарттық міндеттемелер	567
Дисконттау әсері	(97)
2019 ж. 1 қаңтарға мойындалған жалдау бойынша міндеттемелер	470

Пайдалану құқығы нышанындағы активтерді түзету талап етілетін ауыртпалықты жалдау шарттары стандартты бірінші қолдану күніне болған жоқ.

Мойындалған пайдалану құқығы нышанындағы активтер активтердің келесі түрлеріне жатады:

<i>Миллион Қазақстан теңгесімен берілген</i>	30 қыркүйек 2019 ж.	1 қаңтар 2019 ж.
Материалдық емес активтер	1,268	550
Ғимараттар мен нысандар	238	354
Жер	57	63
Көлік құралдары	47	53
Пайдалану құқығы нышанындағы активтер жиыны	1,610	1,020

Ауысымдылық

Топтың қызметі ауысымдық ауытқуларға елеулі түрде тәуелді емес.

Айырбастау бағамдары

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми айырбас бағамы 2019 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша 1 АҚШ доллары үшін 387.63 теңгемен салыстырғанда осы есептің күніндегі жағдай бойынша 1 АҚШ доллары үшін 386.19 теңге құрады (31 желтоқсан 2018 ж.: 1 АҚШ доллары үшін 384.20 теңге). 2019 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай ішіндегі валютаның орташа бағамы 1 АҚШ доллары үшін 381.51 теңге құрады (2018 ж. 31 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай ішінде: 1 АҚШ доллары үшін 336.40 теңге).

Табыс салығы

Табыс салығы бойынша шығыстар аралық кезең үшін табыс салығының барлық қаржылық жыл үшін күтілетін қолданыстағы орташа есептік мөлшерлемесіне негізделеді

«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ
2019 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған үш және тоғыз айдың қысқартылған аралық
шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ескертулер

3 Есептік саясаттың негізгі қағидаттары (жалғасы)

Салыстырмалы ақпаратты қайта қарау

Бизнес сатып алу

2018 жылғы желтоқсанда Топ «Байкен-У» ЖШС-на бақылау алды (35-ескерту). 2018 жылғы 31 желтоқсанға Топ сатылып алынған активтер мен міндеттемелерді есепке алу үшін баланстық құнды қолданды, өйткені есептік кезең аяғына бағалау бойынша есеп аяқталған жоқ. 2019 жылғы маусымда тәуелсіз бағалаушы сатылып алынған активтер мен міндеттемелердің әділ құнын бағалауды аяқтады және салыстырмалы ақпарат төмендегі кестеде көрсетілгендей қайта есептелді.

Салыстырмалы көрсеткіштер тиісті түрде түзетілді.

<i>Миллион Қазақстан теңгесімен берілген</i>	31 желтоқсан 2018 ж. (қайта қаралғанға дейін)	Түзету	31 желтоқсан 2018 ж. (қайта қаралғаннан кейін)
АКТИВТЕР			
Ұзақмерзімді активтер			
Материалдық емес активтер	69,314	(15,215)	54,099
Негізгі құралдар	171,352	5,037	176,389
Өндіріске дайындалу бойынша шығындар	118,302	2,774	121,076
Жер қойнауын пайдалану құқығы	363,373	89,066	452,439
Қауымдастырылған кәсіпорындарға инвестициялар	88,866	18,568	107,434
Қорлар	170,261	765	171,026
АКТИВТЕР ЖИЫНЫ	1,381,116	100,995	1,482,111
Бөлінбеген пайда	789,563	45,401	834,964
Компанияның меншік иелеріне жатқызылатын капитал	831,055	45,401	876,456
Иелік етудің бақыланбайтын үлесі	131,955	36,049	168,004
КАПИТАЛ ЖИЫНЫ	963,010	81,450	1,044,460
МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Ұзақмерзімді міндеттемелер			
Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер	77,670	19,545	97,215
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ	418,106	19,545	437,651
КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ	1,381,116	100,995	1,482,111

Иелік етудің бақыланбайтын үлесі

Бөлінбеген пайда мен иелік етудің бақыланбайтын үлесі 2018 жылғы 31 желтоқсанға «Инкай БК» ЖШС бақыланбайтын үлесіне қатысты 1,086 миллион теңгеге түзетілген.

4 Есептік саясатын қолданудағы маңызды бағалаулар мен пікірлер

Аралық қаржылық есептілікті дайындау басшылықтан пікірлер қалыптастыруды және есептік саясаттарды қолдануға және активтердің, міндеттемелердің, кірістер мен шығыстардың мойындалған сомаларына ықпал ететін есептік бағалаулар мен жорамалдарды пайдалануды талап етеді. Іс жүзіндегі нәтижелер пайдаланылған есептік бағалаулардан өзгеше болуы мүмкін.

Басшылықтың қолданылатын есептік саясатқа қатысты пікірлері мен осы қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде пайдаланылған бағалаулардағы белгісіздіктің негізгі көздері Топтың ХҚЕС-ке сәйкес дайындалған 2018 жылғы жылдық есептілігіндегі осыған ұқсас пікірлерге сәйкес келеді.

Бизнесті біріктіру кезіндегі әділ құнды бағалау (бағалау)

ХҚЕС 3 «Бизнесті біріктіру» стандартына сәйкес Топ бизнесті біріктіру нәтижесінде алынған сәйкестендірілетін активтерді, сонымен қатар міндеттемелерді және шарттық міндеттемелерді сатып алу күніне әділ құны бойынша бағалайды. Әділ құн бағалау туралы есеп негізінде анықталады (егер бизнесті біріктіру бойынша есепке алу есептік кезең соңына аяқталмаған болса, бұл жағдайда алдын ала мәндер пайдаланылады).

Әділ құнды бағалауға келешектегі ақша ағындары мен бағалау кезінде пайдаланылған басқа да бастапқы деректер туралы елеулі жорамалдар мен ой-пікірлер кіреді.

Бизнесті біріктірумен байланысты сатып алудың бағасы сатылып алынған активтер мен міндеттемелер арасында сатып алу мезетіндегі олардың бағалау әділ құны бойынша бөлінеді. Бөлу процесі субъективті сипатқа ие және сәйкестендірілетін активтер мен және шарттық міндеттемелерге жеке берілетін сомаларға ықпал етеді. Нәтижесінде сатып алудың бағасын бөлу активтер мен міндеттемелерге, сонымен қатар келешектегі тозу мен амортизацияға және құнсыздануға тестіге ықпал етуімен байланысты келешек таза пайдаға әсер етеді.

Бизнесті сатып алу бойынша мәмілелерді есепке алу кезінде қолданылатын әділ құнды бағалау Топтың 2019 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған 9 ай ішіндегі пайдасына елеулі әсер етті. Бизнес сатып алудан таза пайда 2019 жылғы 9 ай ішінде 54,649 миллион теңге (2018 ж. 9 ай ішінде: 313,517 миллион теңге) құрады.

Бизнесті біріктіру бойынша қосымша ақпарат 35-ескертуде берілген.

Қаржылық емес активтердің құнсыздануы (бағалау)

Әрбір есептілік беру кезеңінің аяғында Топ активтердің (немесе генерирлеуші бірліктердің) бағалауын олардың құнсыздану мүмкіндігі белгілерін анықтау үшін жүргізеді. Осындай белгілер бар болған кезде активтердің өтелетін құны есептеледі, ол екі шаманың - сатуға жұмсалған шығындарды шегергендегі активтің әділ құны мен активті пайдалану құнының ең үлкені ретінде анықталады. Баланстық құнының өтеу құнынан артуы құнсыздану ретінде мойындалады. Топ гудвилге қатысты жылына бір реттен сирек емес құнсыздануға тестілеу жүргізеді.

Пайдалану құндылықтарын есептеу басшылықтан Топтың активті (генерирлеуші бірлікті) пайдаланудан түскен ақшасының келешектегі қозғалысын бағалауды құрастыруды талап етеді. Ақшаның келешектегі қозғалысын бағалауға келешектегі тауарлық бағаларға (уранға және өзге өнімдер мен қызметтерге), өндіріс пен сатулар көлеміне, дисконт мөлшерлемесіне, өсу қарқынына, операциялық шығындардың деңгейіне және өзге факторларға қатысты елеулі ой-пікірлер кіреді. Құнсыздануға тексеру мен есептеулер Топтың бизнес-жоспарларына сәйкес келетін болжамдарға негізделеді. Субъективті сипатына байланысты бұл бағалаулардың келешектегі кезеңдердегі қызмет пен ақша қозғалысының іс жүзіндегі нәтижелерінен айырмашылығы болуы мүмкін; осындай кез келген айырмашылықтар келешек кезеңдерде құнсыздануға және тиісті активтердің баланстық құнының төмендеуіне әкелуі мүмкін.

2019 жылғы 30 қыркүйекке басшылық уран өнімдерін шығарумен байланысты активтердің (генерирлеуші бірліктердің) құнсыздануы белгілерін талдау жүргізді және құнсыздану белгілерін тапқан жоқ.

5 Сегменттер бойынша ақпарат

Операциялық сегменттер шаруашылық қызметін жүзеге асыратын компоненттер болып табылады, бұл ретте олар табысты генерирлей алады немесе шығыстармен байланысты болуы мүмкін, сегменттердің операциялық нәтижелері жүйелі түрде операциялық шешімдер үшін жауап беретін басшылықпен талданады, және операциялық сегменттер үшін бөлек қаржылық ақпарат бар. Операциялық шешімдер үшін жауап беретін басшы ұйымның ресурстарын бөлетін және қызметінің нәтижелерін бағалайтын бір адам немесе тұлғалар тобы болуы мүмкін. Операциялық шешімдер үшін жауап беретін басшының функцияларын Топтың Басқармасы Төрағаның басшылығымен атқарады.

(а) Өткізілуінен әрбір есептік сегмент табыс алатын өнімдер мен қызметтердің сипатталуы

Топ геологиялық барлау, уран өндіру мен уран өнімдерін шығарудан бастап, өткізуге және көмекші қызметтер көрсетуге дейінгі өндірістік тізбекке (тасымалдау мен логистиканы, сатып алуды, зерттеуді және өзгелерін қоса) кірістірілген тік интеграцияланған бизнес болып табылады. Топ өз қызметін негізгі екі операциялық сегменттің шеңберінде жүзеге асырады:

Уран – уран өндіру және өңдеу, Топтың бірлескен және қауымдастырылған кәсіпорындарынан уран сатып алу, өндірілген және сатып алған уранды сыртқа сату және маркетинг. Уран сегментіне уран өндірісімен және сатумен айналысатын бірлескен және қауымдастырылған кәсіпорындардың таза нәтижелеріндегі Топтың үлесі, сонымен қатар Топтың бас кеңсесі («Қазатомөнеркәсіп» ҰАК) кіреді.

ҰМЗ («Үлбі металлургиялық зауыты» АҚ) – құрамында бериллий, тантал және ниобий бар өнімдерді, плавик қышқылы мен жанама өнімдер өндіру және өткізу, Топ кәсіпорындары үшін өңделме шикізатты өңдеу (топлинг шарттарымен) және сыртқы нарық үшін уран ұнтақтары мен отын таблеткаларын өндіру.

Топтың уран сегментіне, негізінен, қызметтер (бұрғылау, тасымалдау, күзет қызметтері, геологиялық барлау және т.б.) ұсынатын кейбір еншілес кәсіпорындарының кірістері мен шығыстары осы операциялық сегменттің нәтижелеріне бөлінбеген. Топтың бұл кәсіпорындары есептік операциялық сегменттерге енгізілмеген, өйткені олардың қаржылық нәтижелері сандық шектік мәнге сәйкес келмейді. Осы және басқа елеусіз операциялардың нәтижелері «Өзгелері» тақырыбына енгізілді.

(б) Басшылық есептік сегменттерді анықтау үшін пайдаланатын факторлар

Топтың сегменттері әртүрлі клиенттерге бағдарланған стратегиялық бизнес-бірліктер болып табылады. Өндірістік процестердегі, өндірілетін тауар түрлеріндегі, инвестициялық және маркетингтік стратегиялардағы айырмашылықтар себепті олардың әрқайсысы бөлек басқарылады.

Операциялық шешімдер үшін жауапты басшылық қарайтын сегменттер бойынша қаржылық ақпаратқа:

- бизнес-бірліктер (сегменттер) бойынша кірістер мен шығыстар туралы ақпарат тоқсандық негізде ХҚЕС негізінде;
- активтер мен міндеттемелер, сонымен қатар күрделі қаржы жұмсалымдары туралы ақпарат сегменттер бойынша тоқсандық негізде;
- ай сайынғы және тоқсандық негізде талданатын операциялық деректер (өндіріс көлемі және қорлар деңгейі сияқты) және өткізу туралы деректер (өнім типі бойынша сатулардың көлемі, орташа бағалар сияқты)

(в) Операциялық сегменттердің пайдасын немесе шығынын, активтерін және міндеттемелерін бағалау

Операциялық шешімдер үшін жауапты басшылық әрбір сегменттің қызмет нәтижелерін жалпы маржа мен таза пайда негізінде бағалайды. Сегменттік қаржылық ақпарат ХҚЕС сәйкес дайындалған және қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептіліктің деректерімен сәйкес келеді.

Басқа сегменттерден алынған табысқа шикізат пен материалдарды, тауарлар мен қызметтерді бір сегменттен екіншісіне табыстау кіреді, сомасы ұқсас тауарларға нарықтық бағалар негізінде анықталған.

«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2019 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған үш және тоғыз айдың қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ескертулер

5 Сегменттер бойынша ақпарат (жалғасы)

(ә) **Есептік кезеңдердегі пайда немесе шығын, активтер мен міндеттемелер туралы ақпарат**

2019 жылғы 30 қыркүйекте және 2018 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай ішіндегі есептік сегменттер бойынша ақпарат төмендегі кестеде келтірілген:

	Уран		ҮМЗ		Өзге		Элиминация		Жиыны	
	30 қыркүйек 2019 ж.	30 қыркүйек 2018 ж.	30 қыркүйек 2019 ж.	30 қыркүйек 2018 ж.	30 қыркүйек 2019 ж.	30 қыркүйек 2018 ж.	30 қыркүйек 2019 ж.	30 қыркүйек 2018 ж.	30 қыркүйек 2019 ж.	30 қыркүйек 2018 ж.
<i>Миллион Қазақстан теңгесімен берілген</i>										
Сыртқы табыс	215,984	235,476	24,744	26,773	22,406	23,427	-	-	263,134	285,676
Басқа сегменттерден алынған табыс	708	467	2,731	2,667	39,212	33,924	(42,651)	(37,058)	-	-
Өткізудің өзіндік құны	(132,243)	(188,082)	(17,101)	(19,658)	(58,194)	(54,412)	46,702	42,200	(160,836)	(219,952)
Жалпы пайда	84,449	47,861	10,374	9,782	3,424	2,939	4,051	5,142	102,298	65,724
Қалпына келтіру шегерілген құнсыздану шығыны	(1,613)	(714)	(83)	(226)	821	(1,226)	-	-	(875)	(2,166)
Бизнесі сатып алу нәтижесі	54,649	313,517	-	-	-	-	-	-	54,649	313,517
Қауымдастырылған және бірлескен кәсіпорындардың нәтижелеріндегі үлес	15,908	14,884	(214)	(154)	4,182	(2,216)	-	-	19,876	12,514
Бағамдық айырма бойынша таза пайда/(шығын)	(415)	5,983	10	1,259	8	(1,674)	-	10	(397)	5,578
Қаржылық кірістер	3,436	4,900	169	163	356	412	(34)	(1,067)	3,927	4,408
Қаржылық шығыстар	(9,994)	(6,000)	(266)	(220)	(135)	(4,194)	115	664	(10,280)	(9,750)
Табыс салығы бойынша (шығыстар)/үнем	(15,973)	(11,845)	(1,138)	(1,523)	(185)	(331)	-	-	(17,296)	(13,699)
Жалғасатын қызметтен кезең ішіндегі пайда/(шығын)	124,701	351,530	5,228	6,127	7,188	(11,525)	4,865	4,898	141,982	351,030
Тоқтатылған қызметтен кезең ішіндегі пайда	-	-	-	-	-	1,103	-	-	-	1,103
Кезең ішіндегі пайда/(шығын)	124,701	351,530	5,228	6,127	7,188	(10,422)	4,865	4,898	141,982	352,133
Тозу және амортизация	(26,487)	(22,193)	(1,017)	(1,044)	(2,819)	(3,329)	244	209	(30,079)	(26,357)

* Табыс негізінен белгілі бір уақыт мезетінде (жеткізу күніне) мойындалады.

«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2019 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған үш және тоғыз айдың қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ескертулер

5 Сегменттер бойынша ақпарат (жалғасы)

2019 жылғы 30 қыркүйекке және 2018 жылғы 31 желтоқсанға есептік сегменттер бойынша сегменттік ақпарат төмендегі кестеде келтірілген:

	Уран		ҮМЗ		Өзге		Элиминация		Жиыны	
	30 қыркүйек 2019 ж.	31 желтоқсан 2018 ж. (қайта есептелген)	30 қыркүйек 2019 ж.	31 желтоқсан 2018 ж.	30 қыркүйек 2019 ж.	31 желтоқсан 2018 ж.	30 қыркүйек 2019 ж.	31 желтоқсан 2018 ж.	30 қыркүйек 2019 ж.	31 желтоқсан 2018 ж. (қайта есептелген)
<i>Миллион Қазақстан теңгесімен берілген</i>										
Қауымдастырылған және бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар	96,179	121,130	6,671	6,885	25,398	19,861	-	-	128,248	147,876
Есепті сегменттер активтерінің жиыны	1,646,782	1,384,836	78,545	75,519	100,267	92,558	(143,357)	(76,380)	1,682,237	1,476,533
Сатуға арналған ретінде сыныпталатын шығатын топтардың активтері	-	-	-	-	1,175	5,578	-	-	1,175	5,578
Активтер жиыны	1,646,782	1,384,836	78,545	75,519	101,442	98,136	(143,357)	(76,380)	1,683,412	1,482,111
Есепті сегменттер міндеттемелерінің жиыны	609,668	472,511	12,309	12,024	25,371	23,659	(142,980)	(76,494)	504,368	431,700
Сатуға арналған ретінде сыныпталатын шығатын топтардың міндеттемелері	-	-	-	-	493	5,951	-	-	493	5,951
Міндеттемелер жиыны	609,668	472,511	12,309	12,024	25,864	29,610	(142,980)	(76,494)	504,861	437,651
Күрделі жұмсалым шығындары	24,616	22,167	1,610	1,304	1,607	1,587	-	-	27,833	25,058

(д) Өнімдер мен қызметтер бойынша кірістерді талдау

Топтың кірістері өнімдер мен қызметтер бойынша 8-ескертуде талданған.

«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ
2019 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған үш және тоғыз айдың қысқартылған аралық
шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ескертулер

5 Сегменттер бойынша ақпарат (жалғасы)

(е) Географиялық ақпарат

Топтың барлық негізгі активтері Қазақстан Республикасында орналасқан. Топтың сатуларын елдер арасында тапсырыс берушінің тұрақты тұратын елі негізінде бөлу мынадай болды:

<i>Миллион Қазақстан теңгесімен берілген</i>	2019 ж.	2018 ж.
	30 қыркүйекте (аудиттелмеген)	30 қыркүйекте (аудиттелмеген)
аяқталған тоғыз ай ішінде		
Қытай	100,590	90,036
Франция	40,970	19,322
Канада	29,883	9,802
АҚШ	27,019	26,740
Қазақстан	24,021	24,216
Ұлыбритания	11,910	-
Джерси аралы	11,597	61,324
Белгия	4,414	3,355
Жапония	1,910	2,811
Германия	1,845	1,595
Үндістан	24	28,026
Швеция	-	4,124
Өзге елдер	8,951	14,325
Шоғырландырылған табыс жиыны	263,134	285,676

Аса ірі клиенттер

Топтың жалпы бақылаудағы клиенттер тобы бар, олардың үлесіне Топтың шоғырландырылған табысының 10%-дан артығы келеді. 88,427 миллион теңге (2018ж. тоғыз ай ішінде: 79,576 миллион теңге) сомасындағы бұл табыс «Уран» сегменті бойынша көрсетіледі.

6 Байланысты тараптармен есеп айырысу мен операциялар

Байланысты тараптарға «Самұрық-Қазына» АҚ бақылауындағы кәсіпорындар кіреді. Өзге мемлекеттік кәсіпорындармен операциялар, егер де олар әдеттегі қызмет барысында барлық қоғамдық және жеке компанияларға ретімен қолданылатын шарттарға сәйкес (i) олар жеке-дара мәнді болмаса (ii), егер де Топтың қызмет көрсетуі барлық пайдаланушыларға қолжетімді стандарттық шарттарда көрсетілетін болса, немесе (iii) электр энергиясын беру, телекоммуникациялық қызметтер және т.б. сияқты осындай қызметтердің жеткізушісін таңдау жоқ болған жағдайда, ашылмайды.

2019 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша байланысқан тараптармен операциялар бойынша қалдықтар төменде көрсетілген:

<i>Миллион Қазақстан теңгесімен берілген</i>	Дебиторлық берешек және өзге активтер	Алынатын дивидендтер	Берілген қарыздар	Кредиторлық берешек және өзге міндеттемелер	Несиелер мен қарыздар
Қауымдастырылған кәсіпорындар	2,343	8,091	13,834	33,671	17,456
Бірлескен кәсіпорындар	14,650	-	-	3,607	-
Жалпы бақылаудағы кәсіпорындар	286	-	-	550	-
Негізгі компанияның қауымдастырылған кәсіпорындары	13	-	-	5,265	-
Жиыны	17,292	8,091	13,834	43,093	17,456

«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ
2019 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған үш және тоғыз айдың қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ескертулер

6 Байланысты тараптармен есеп айырысу мен операциялар (жалғасы)

Төменде 2019 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай ішіндегі кірістер мен шығыстардың баптары және байланысты тараптармен өзге операциялар көрсетілген:

<i>Миллион Қазақстан теңгесімен берілген</i>	Тауарлар мен қызметтерді сату	Алынған дивидендтер	Тауарлар мен қызметтерді сатып алу	Пайыздық кіріс	Өзге пайдалар мен шығындар	Акционерге дивидендтер
Қауымдастырылған кәсіпорындар	9,615	8,884	43,563	996	758	-
Бірлескен кәсіпорындар	6,685	739	6,758	-	-	-
Жалпы бақылаудағы кәсіпорындар	235	-	-	-	-	-
Негізгі компанияның қауымдастырылған кәсіпорындары	-	-	4,649	-	-	-
Негізгі компания	-	-	-	-	-	68,065
Жиыны	16,535	9,623	54,970	996	758	68,065

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша байланысты тараптармен операциялардың қалдықтары төменде көрсетілген:

<i>Миллион Қазақстан теңгесімен берілген</i>	Дебиторлық берешек және өзге активтер	Алынатын дивидендтер	Берілген қарыздар	Кредиторлық берешек және өзге міндеттемелер
Қауымдастырылған кәсіпорындар	2,580	8,659	23,618	12,560
Бірлескен кәсіпорындар	4,719	-	-	2,041
Жалпы бақылаудағы кәсіпорындар	199	-	-	563
Акционер	-	-	-	479
Негізгі компанияның қауымдастырылған кәсіпорындары	18	-	-	4,046
Жиыны	7,516	8,659	23,618	19,689

Төменде 2018 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай ішіндегі кірістер мен шығыстардың баптары және байланысты тараптармен өзге операциялар көрсетілген:

<i>Миллион Қазақстан теңгесімен берілген</i>	Тауарлар мен қызметтерді сату	Алынған дивидендтер	Тауарлар мен қызметтерді сатып алу	Акционерге дивидендтер	Пайыздық кіріс
Қауымдастырылған кәсіпорындар	10,189	8,873	45,668	-	928
Бірлескен кәсіпорындар	6,145	-	9,988	-	-
Жалпы бақылаудағы кәсіпорындар	8,941	-	25,060	-	-
Негізгі компанияның қауымдастырылған кәсіпорындары	80	-	166	-	-
Негізгі компания	89	-	-	135,012	-
Өзге	621	-	23,917	-	-
Жиыны	26,065	8,873	104,799	135,012	928

«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ
2019 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған үш және тоғыз айдың қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ескертулер

6 Байланысты тараптармен есеп айырысу мен операциялар (жалғасы)

Негізгі басқарушы персонал – бұл өкілеттік берілген және Топтың қызметін жоспарлау, басшылық ету және бақылау үшін тікелей немесе жанама жауапты тұлғалар. Негізгі басқарушы персоналға Компания Басқармасы мен Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелерінің барлық құрамы кіреді. Төмендегі кестеде басқарушы персонал көрсеткен қызметтерге айырбасқа Топ төлеген сыйақы туралы деректер келтірілген. Бұл сыйақыға еңбекақы, сыйлықақылар, сонымен қатар зейнетақы қорына аударымдар кіреді:

<i>Миллион Қазақстан теңгесімен берілген</i>	2019 ж. 30 қыркүйекте (аудиттелмеген)		2018 ж. 30 қыркүйекте (аудиттелмеген)	
	аяқталған тоғыз ай ішінде			
	Шығыстар	Міндеттеме	Шығыстар	Міндеттеме
<i>Қысқамерзімді төлемдер</i>				
Жалақы және сыйлықақылар	939	68	653	28
Жиыны	939	68	653	28

7 Пайда немесе шығын туралы есеп жөніндегі ақпарат

Үш және тоғыз ай ішіндегі пайдаға олардың сипаттары, мөлшерлері немесе таралғандығы себепті әдеттегіден өзгеше болып табылатын келесі элементтер кіреді:

<i>Миллион Қазақстан теңгесімен берілген</i>	2019 ж.	2018 ж.	2019 ж.	2018 ж.
	30 қыркүйекте (аудит- телмеген)	30 қыркүйекте (аудит- телмеген)	30 қыркүйекте (аудит- телмеген)	30 қыркүйекте (аудит- телмеген)
	аяқталған үш ай ішінде		аяқталған тоғыз ай ішінде	
Бизнесті сатып алу нәтижесі (35-ескерту)	-	-	54,649	313,517
Бірлескен операция бойынша міндеттемені есептен шығарудан кіріс (13-ескерту)	-	-	16,998	-
Еншілес кәсіпорынның шығуынан кіріс(13-ескерту)	-	356	5,634	365

Бірлескен операциялар бойынша міндеттемелерді есептен шығарудан кіріс

Бірлескен операция бойынша міндеттемені есептен шығарудан кіріс 2018 жылғы бірлескен операциялардан сатылып алынбаған, Топ әріптестермен келісу бойынша кейінгі кезеңде де сатып алуды жоспарламайтын, осыған байланысты 2018 жылғы 31 желтоқсанға мойындалған бұл міндеттеме 2019 жылдың бірінші жартыжылдығында есептен шығарылды.

Бизнесті сатып алудан алынған нәтиже

Бизнесті сатып алудан алынған, 2019 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай ішіндегі пайдада немесе шығында мойындалған нәтижеге сатып алумен байланысты 2,150 миллион мөлшеріндегі теріс гудвил мен қауымдастырылған кәсіпорындарға инвестицияның әділ құнының оның баланстық құнынан (бизнесті) сатып алу күніндегі 52,499 миллион теңге мөлшеріндегі асуы кіреді. Қосымша ақпарат 35-ескертуде берілген.

<i>Миллион Қазақстан теңгесімен берілген</i>	
Инвестицияның сатып алу күнгі әділ құны (35-ескерту)	83,653
Минус: Инвестицияның сатып алу күнгі баланстық құны (21-ескерту)	(31,154)
Сатып алумен байланысты теріс гудвилл (35-ескерту)	2,150
Бизнесті сатып алудан түскен таза пайда - «Хорасан-У» ЖШС	54,649

«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ
2019 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған үш және тоғыз айдың қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ескертулер

8 Табыс

Топтың табысы клиенттермен келісімшарттар бойынша пайда болады, олар бойынша операциялар негізінен белгілі бір уақыт мезетінде орындалады:

<i>Миллион Қазақстан теңгесімен берілген</i>	2019 ж.	2018 ж.	2019 ж.	2018 ж.
	30 қыркүйекте (аудиттелмеген) аяқталған үш ай ішінде	30 қыркүйекте (аудиттелмеген) аяқталған үш ай ішінде	30 қыркүйекте (аудиттелмеген) аяқталған тоғыз ай ішінде	30 қыркүйекте (аудиттелмеген) аяқталған тоғыз ай ішінде
Уран өнімдерін сатудан кіріс	72,383	123,476	218,093	236,365
Бериллий өнімдерін сатудан кіріс	5,030	4,507	13,336	11,921
Сатылып алынған тауарларды және өзге өнімдерді сатудан кіріс	2,888	4,324	12,608	12,582
Тантал өнімдерін сатудан кіріс	1,890	3,723	5,734	11,076
Ұңғымаларды бұрғылаудан кіріс	1,621	1,973	5,403	5,603
Өзге ұсынылған қызметтерден кіріс	1,958	1,812	5,213	5,452
Тасымалдау қызметтерінен кіріс	608	672	2,048	2,063
Фотоэлектр түрлендіргіштерді сатудан кіріс	111	106	434	344
Өзге	90	54	265	270
Табыс жиыны	86,579	140,647	263,134	285,676

9 Өткізудің өзіндік құны

<i>Миллион Қазақстан теңгесімен берілген</i>	2019 ж.	2018 ж.	2019 ж.	2018 ж.
	30 қыркүйекте (аудит- телмеген) аяқталған үш ай ішінде	30 қыркүйекте (аудит- телмеген) аяқталған үш ай ішінде	30 қыркүйекте (аудит- телмеген) аяқталған тоғыз ай ішінде	30 қыркүйекте (аудит- телмеген) аяқталған тоғыз ай ішінде
Шикізат және материалдар	9,088	83,214	80,889	146,927
Тозу және амортизация	2,603	7,341	28,716	25,663
Персонал еңбегіне ақы төлеу	6,536	5,580	16,943	16,652
Табыс салығынан басқа салықтар	5,568	3,236	14,413	12,598
Қайта өңдеу және өзге қызметтер	3,711	2,261	10,937	7,959
Тасымалдау шығыстары	980	1,102	2,195	2,864
Техникалық қызмет көрсету және жөндеу	1,438	782	2,515	1,980
Коммуналдық қызметтер	339	262	986	1,184
Өзге	977	3,068	3,242	4,125
Өткізудің өзіндік құнының жиыны	31,240	106,846	160,836	219,952

«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ
2019 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған үш және тоғыз айдың қысқартылған аралық
шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ескертулер

10 Өткізу бойынша шығыстар

<i>Миллион Қазақстан теңгесімен берілген</i>	2019 ж.	2018 ж.	2019 ж.	2018 ж.
	30 қыркүйекте (аудиттелмеген)	30 қыркүйекте (аудиттелмеген)	30 қыркүйекте (аудиттелмеген)	30 қыркүйекте (аудиттелмеген)
	аяқталған үш ай ішінде		аяқталған тоғыз ай ішінде	
Тиеу, тасымалдау және сақтау бойынша шығыстар	2,565	1,283	5,034	3,729
Персонал еңбегіне ақы төлеу	269	238	612	479
Комиссиялық сыйақы	20	48	354	122
Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету	106	157	345	157
Шикізат және материалдар	44	19	141	103
Жүктерді сақтандыру	33	57	109	72
Тозу және амортизация	21	19	58	49
Жалдау	20	26	45	156
Өзге	379	98	867	439
Өткізу бойынша шығыстар жиыны	3,457	1,945	7,565	5,306

11 Жалпы және әкімшілік шығыстар

<i>Миллион Қазақстан теңгесімен берілген</i>	2019 ж.	2018 ж.	2019 ж.	2018 ж.
	30 қыркүйекте (аудиттелмеген)	30 қыркүйекте (аудиттелмеген)	30 қыркүйекте (аудиттелмеген)	30 қыркүйекте (аудиттелмеген)
	аяқталған үш ай ішінде		аяқталған тоғыз ай ішінде	
Персонал еңбегіне ақы төлеу	4,263	3,591	11,264	10,383
Консультациялық және ақпараттық қызметтер	797	1,336	2,695	2,508
Тозу және амортизация	408	180	1,196	605
Іссапарлық шығыстар	171	151	543	430
Табыс салығынан басқа салықтар	129	60	510	178
Техникалық қызмет көрсету және жөндеу	187	69	499	404
Корпоративтік іс-шаралар	176	127	255	196
Жалдау	140	318	241	949
Дебиторлық берешектің және келешек кезеңдер шығыстарының құнсыздануы	192	(355)	221	934
Шикізат және материалдар	46	63	157	193
Коммуналдық қызметтер	27	22	109	115
Байланыс қызметтері	16	44	89	220
Өзге	987	642	5,517	1,706
Жалпы және әкімшілік шығыстар жиыны	7,539	6,248	23,296	18,821

